

УДК 82.03; 82:81'255.2

Мекебаева Қатира Олжабайқызы,
Магистрант,
Сулейман Демирель университеті,
Қаскелең, Қазақстан

Тұрмағамбет Ізтілеуұлы және «Шаһнаме» аудармасының басылымдары

Аңдатпа

Парсы шайыры Фирдаусидің «Шаһнаме» атты шығармасының қазақ әдебиетінде алар орыны ерекше. Себебі орта ғасырларда дүниеге келген бұл шығарма қазақ ақындарының шығармашылығына қатты әсер еткені белгілі. ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында өмір сүрген бір топ ақындар «Шаһнамені» бірнеше рет қазақ тіліне тәржімалаған. М.Сералин, Ш.Жәңгірұлы, Ораз молла, Т.Ізтілеуұлы секілді ақындар бұл шығарманы қазақ тілінде сөйлетті. Осы аталғандардың ішінде Т.Ізтілеуұлының аудармасының орыны ерекше.

Кілт сөздер: шешендік ой, өсиет сөздер, эпопея, ишан, ұлтжандылық, текстология.

Сыр бойының атақты ақын- шайыры, тарлан талант иесі- Тұрмағамбет Ізтілеуұлы халқымыз жырлап өткен өнердің өнегеге толы сара жолын кейінгі ұрпаққа қалдырып кеткен, қазақ әдебиеті мен мәдениетіне, тарихына өзіндік зор үлес қосқан тұлға. Тұрмағамбет Ізтілеуұлы /9.06.1882-15.05.1939/ Түркістан өлкесі, Сырдария облысы, Қазалы уезіне қарасты Қуандария болысының 2- ауылында «Ақтайлақ — кезең» деп аталатын жерде туып, өмір сүрген.

Ақын Т.Ізтілеуұлы шығармалары арқылы қазақтың шұрайлы, бай тілін игеруге, шешендік ой түюге, нақыл, ақыл, өсиет сөздерінен мол үлгі алуға болады. Адамгершілік, жоғары парасаттылық пен дүниені тану, адамды, жаратылысты тану, жақсылық пен жамандықты түсіну, сұлулықты сүю, ерліктің асқақ рухы, ұлтжандылық пен имандылық туралы ой қорытындысы- ақынның асыл қазынасы.

Ауылдың ишан, молдалары Алдашбай, Қожабай, Ораздардан алғаш сауат ашқан Тұрмағамбет жастайынан-ақ өлең-жырға әуестеніп, Бұхара қаласындағы «Мир-Араб», «Көкелташ» медресесінде араб, парсы, түркі, шағатайша білім алған.

Т. Ізтілеуұлы ақындығының тағы бір қыры ретінде шығыс тілдерін жетік меңгергендігін айтуға болады. Шығыстың «Тотынама», «Мың бір түн», «Шаһнаме» секілді классикалық шығармаларынан сусындап өскен

Тұрмағамбет өзіне ұнаған шығыстық сюжеттерді қазақы ұғымға сай ете отырып, қазақ топырағына әкелуді мақсат тұтты. Оның шығыстық желіде жазылған «Мәрдi дiқан», «Тұтқын қыз», «Рауа — бану», «Данышпан қарт» дастандары соның дәлелi. Осы дастандардың iшiндегi көлемдiсi әрi шоқтығы биiгi — «Шаһнаме» аудармасы. Шығыстың «Илиадасы» атанған Фердауси «Шаһнамасын» қазақтың аңыз-әңгiмелерiмен байланыстыра отырып, халықтың салт-санасына жақын етiп жазып шықты. «Шаһнаманы» Тұрмағамбетке дейiн үш адам (Ораз молда, Сердалы Мырзаұлы, Мұхамеджан Сералин) аударған. Солардың iшiндегi тiлi жатық та көркем, толықтай аударылғаны және де талғампаз оқырманға мақтанышпен ұсына аларлық нұсқасы Тұрмағамбет аудармасы екенiн айтуға тиiспiз.

Т.Изтiлеуұлы өмiрiндегi елеулi кезең 1934 жылы болды. Бұл жылы ақын Алматы қаласында өткен Қазақстан жазушыларының тұңғыш құрылтайы мен халық шығармашылығының республикалық I слетiне Оңтүстiк Қазақстан облысынан делегат боп қатысып, 1935 жылы Қазақстан Өлкелiк Партия Комитетiнiң шақыртуымен Алматыға келедi. Қазақ КСР Оқу комиссариатында ғылыми қызметке алынады.

Сол жылдан бастап Қазкрайком секретары Л.И. Мирзоян тапсырмасымен, Т.Жүргеновтің қолдауымен «Шаһнаме» атты әлемдiк эпопеяны парсы ақыны Ә. Фердауси iзiмен жырлауға кiрiседi.

Халық ақыны Тұрмағамбет Изтiлеуұлы Шығыс елдерiнiң тiлiнде көп тараған «Шаһнаменiң» прозалық нұсқаларын жинап, 1936 жылы Алматыда дастан етiп жазды.

Ұлы шайыр Ә.Фердауси қаламынан туған ұланғайыр шығарманың желiсiмен жырланған Тұрмағамбет Изтiлеуұлы нұсқасындағы дастан ғалым М.Байдiлдаевтiң әзiрлеуiмен **1961 жылы «Рүстем –Дастан»** деген атпен кiтап болып шықты. Бұл басылымның алғы сөзiн жазушы М.Әуезов жазған. Оқушыларға таныстыру мақсатымен Тұрмағамбет Изтiлеуұлының жазушылық өмiрiнен қысқаша деректер берiлген. Ол қырық мың жолдың қыруар дүниенiң бiр үзiгi ғана екен. Бұл басылым мынадай тараулардан тұрды:

Зал батыр; Залдың Кәбiлге елшiлiкке барғаны; Мәнүшаһар мен пышанның соғысқаны; Апрасияп; Рүстем-Дастан; Нuzар (7 жыл патшалық етедi); Нuzар мен Апрасияптың соғысқаны; Кей-Қабат (100 жыл патшалық етедi); Кей-Қауыс (150 жыл патшалық етедi); Сүһрап батыр; Рүстем мен Сүһрап; Бишан батыр; Саяуыш; Қысырау-нама (64 жыл патшалық етедi); Әкуан дию; Бишан мен Минша; Кей-Қысырау мен Апрасияптың соғысқаны; Апрасияптың Қытайдан әскер әкелуi; Кей-Қысыраудың патшалықтан безуi; Лаһырасып (150 жыл патшалық етедi); Кәштасып пен Катаюн; Жирун; Әһiран; Илияс; Кәштасап-нама (120 жыл патшалық етедi); Рүстемнiң Аспандиярды өлтiргенi; Баһыман (110 жыл патшалық етедi) Жамсап;

Шапаттың Рүстемді өлтіргені; «Шаһнаменің» соңына (автордан); Фирдаусиден Махмуд сұлтанға хат (аударған Қ.Әбдіқадыров); [1].

«Шаһнаме» дастанының «Жазушы» баспасынан шыққан **2004 жылғы** басылымына келетін болсақ:

- Тұлғалы жырды тұтас қалпында жариялау сәті енді, яғни арада жетпіс жылдай уақыт өткен соң барып түсіп отыр- дейді ғалым И.Жеменей басылымдағы кіріспе сөзінде.

Дастан қолжазбасы М.Байділдаевтің жеке мұрағатынан алынды. Бірінші кітабы осы уақытқа дейін баспа жүзін көрмеген нұсқасын және 1961 жылғы басылымындағы Зал батыр туралы жырдан бастап, Қысырау –намаға дейінгі кезеңді қамтиды. Екінші кітабы негізінен бұған дейін жарияланған нұсқасынан түзілген. Бұл басылым екі кітаптан тұрады.

Бірінші кітап: Алғы сөз (М.Әуезов), Адамзаттың айнасы (Кіріспе сөз-И.Жеменей) және төмендегі тараулардан тұрады: «Шаһанамаға» кіріскенде; Кіріспе; Киамырстың патша болғаны; Хушнақтың патша болғаны; Таһмұрыстың патша болғаны; Қаһарманның патша болғаны; Хушнақтың патша болғаны, Таһмұрыстың патша болғаны; Қаһарманның патша болғаны; Жәмшиттің патша болғаны, Жәмшиттің Құдаймын деп жүзінің қарағаны; Кіршаштың туғаны; Кіршаштың Систан қаласын салуы; Кіршаштың Поладмәндғадымен күрескені; Зұнақтың екі иінінен екі жылан шыққаны; Придонның туғаны; Кауа ұстаның уақиғасы;; Придонның Систаннан Кіршашты алдырғаны; Шираз шаһарының салынғаны; Полатмәндғадының баласы Кайбарғад пен Кіршаштың күрескені; Кіршаштың опат болғаны; Утурттің Кіршашты іздегені; Шах Придонның үш баласының оқиғасы; Мәнүшаһардың туғаны; Мәнүшаһардың Турды өлтіргені; Нариманның баласы Сам палуанның Аһараман диюді өлтіргені; Мәнүшаһардың Сәлімді өлтіргені; Придон мен Нариманның өлгені; Самның Қытайға барғаны; Зал батыр (Рүстем батырдың әкесі); Залдың Кәбілге елшілікке барғаны; Мәнүшаһар мен Пышанның соғысқаны; Апрасияп, Рүстем-Дастан; нузар (7 жыл патшалық етеді); Нузар мен Апрасияптың соғысқаны; Апрасияп; Кей-Қабат (100 жыл патшалық етеді); Кей-Қауыс (150 жыл патшалық етеді); Сұһрап батыр; Рүстем мен Сұһрап; Бишан батыр; Саяуыш [2].

Екінші кітап 16 тараудан: Қысырау-нама (64 жыл патшалық етеді); Әкуан дию; Бишан мен Минша; Кей-Қысырау мен Апрасияптың соғысқаны; Апрасияптың Қытайдан әскер әкелуі; Кей-Қысыраудың патшалықтан безуі; Лаһырасып (150 жыл патшалық етеді); Кәштасып пен Катаюн; Жирун; Әһіран; Ілияс; Кәштасап-нама (120 жыл патшалық етеді); Рүстемнің Аспандиярды өлтіргені; Баһыман (110 жыл патшалық етеді(Жамсап; Шапаттың Рүстемді өлтіргені; «Шаһнаменің» соңына (автордан); Фирдаусиден Махмуд сұлтанға хат (аударған Қ.Әбдіқадыров); Қосымшалар (жазған М.Байділдаев); Түсіндірмелер; Сөздік [2].

«Шаһнаме» дастанының Тұрмағанбет аудармасы үшінші рет 2009 жылы «Сарыарқа» баспасынан жарық көрді.

«Бұл басылымда өзіндік ерекшеліктер бар. Тұрмағанбеттің қол жазбасын қайта қарап, текстологиялық жұмысы жасалды. Кейбір бұрын өзгеріске енген сөздер қалпына келтіріліп, енбей қалған көптеген өлең жолдары жаңа басылымға енгізілді. Сол себептен бұл басылымда қазақша мәтіні толықты. Дегенмен бұның бәрі өткен жылдары жарық көрген басылымдарының құнын жоймайды. Тағы да басқа тақырыптар «Шаһнаменің» қосымша үшінші томына көрік болады деген үмітпен еңбек дайындалып жатыр»- дейді ғалым И.Жеменей [3].

Қорыта айтқанда, қазіргі уақытқа дейін Тұрмағанбеттің аудармасы үлкен әдеби зерттеулерге бастапқы баспалдақ болып отыр. Фирдаусидің «Шаһнамасын» мәтіндік, тақырыптық, тарихи-саяси, психологиялық және философиялық тұрғыдан зер сала зерттеуге алтын көпір деуге болады [2].

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1.Изтілеуов Т. Рүстем – Дастан / Алматы: ҚМКӘБ, 1961.
- 2.Изтілеуов Т. Шаһнама. Рүстем- Дастан / Алматы: Жазушы, 2004 – 1 кітап, 19 -б;
- 3.Изтілеуов Т. Шаһнама. Рүстем- Дастан / Алматы: Жазушы, 2004.-2 кітап;
- 4.ИзтілеуұлыТ. Шаһнаме./Астана: Сарыарқа, 2009-1 кітап;
- 5.ИзтілеуұлыТ. Шаһнаме./Астана: Сарыарқа, 2009-2 кітап;

Резюме

Творчество Т.Изтилеуова внесло неоценимый вклад в развитие Казахской литературы. Он своими произведениями стремился воспитывать человечество патриотизму и верности. Перевод Т.Изтилеуова «Шаһнаме» еще более приблизил это гениальное творение к казахскому читателю и он стал носителем восточной литературы.

Summary

T.Iztileuov's creation brought priceless contribution into the development of Kazakh Literature. He tried to bring up people on the basis of patriotism and allegiance to country by his works. T.Iztileuov's translation of "Shakhsname" moves this great work nearer to the Kazakh reader and he became the great carrier of Eastern Literature.

Özet

Yaratıcılık T.Iztileuova Kazak edebiyatının gelişmesine değerli katkılar yaptı. O vatanseverlik ve insanlığa sadakat işlerini getirmek için çalıştı. Çeviri T.Iztileuova Kazak okuyucunun bile yakın bu parlak yaratma "Shahname", ve o şark edebiyatı taşıyıcısı oldu.